



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 5 мамырдағы
№ ДС-140 хатқа

Құрметті депутаттар!

Біліктілігі жоқ жұмысшылар ақысы төленетін жыл сайынғы кезекті еңбек демалысына шыққан кезде оларға сауықтыру жәрдемақысын төлеуге қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасына сәйкес біліктілігі жоқ жұмысшылардың жалақысы 2022 жылдан бастап түзету коэффициенттерін қолдану арқылы біртіндеп арттырылуда (2022 жылы – 1,23; 2023 жылы – 1,45; 2024 жылы – 1,71; 2025 жылы – 2,0).

Нәтижесінде 2025 жылға қарай олардың жалақысы 2 есеге артады.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша республика бойынша біліктілігі жоқ жұмысшылардың саны 200 мыңға жуық.

Өз кезегінде «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына 3-қосымшаға сәйкес біліктілігі жоқ жұмысшылар азаматтық қызметшілердің құрамына кірмейді.

Осыған байланысты азаматтық қызметшілерге берілетін кепілдіктер мен өтемақылар біліктілігі жоқ жұмысшыларға қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 1-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес азаматтық қызметші – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қазыналық кәсіпорындарда, мемлекеттік мекемелерде ақы төленетін штаттық лауазымды атқаратын және олардың міндеттері мен функцияларын іске асыру, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру мен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын адам.

Біліктілігі жоқ жұмысшыларды азаматтық қызметшілер құрамына қосу және сауықтыруға материалдық көмек төлеу мемлекеттік бюджеттен қосымша қаражат бөлуді көздейді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына азаматтық қызметшілер санаттарын кеңейту бөлігінде өзгеріс енгізіп, техникалық персоналдың жекелеген санаттарына сауықтыру жәрдемақыларын төлеу жөніндегі мәселе мүдделі мемлекеттік органдармен жан-жақты қарауды талап етеді.

Сонымен бірге, Үкімет Парламент Мәжілісінің депутаттарымен бірлесіп, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеуді жетілдіру жөнінде сындарлы ұсыныстар әзірлеуге дайын екендігін білдіреді.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Ә. Смайылов